

Азаматтық қызметшілер болып табылатын және ауылдық жерде жұмыс істейтін денсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет және спорт саласындағы мамандар лауазымдарының тізбесін айқындау туралы

### ***Күшін жойған***

Қостанай облысы Қамысты ауданы әкімдігінің 2016 жылғы 4 сәуірдегі № 51 қаулысы. Қостанай облысының Эділет департаментінде 2016 жылғы 27 сәуірде № 6305 болып тіркелді. Тақырыбы жаңа редакцияда - Қостанай облысы Қамысты ауданы әкімдігінің 2020 жылғы 24 шілдедегі № 129 қаулысымен. Күші жойылды - Қостанай облысы Қамысты ауданы әкімдігінің 2021 жылғы 14 сәуірдегі № 55 қаулысымен

**Ескерту.** Күші жойылды - Қостанай облысы Қамысты ауданы әкімдігінің 14.04.2021 № 55 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

**Ескерту.** Тақырыбы жаңа редакцияда - Қостанай облысы Қамысты ауданы әкімдігінің 24.07.2020 № 129 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

2015 жылғы 23 қарашадағы Қазақстан Республикасы Еңбек Кодексінің 18-бабы 2) тармақшасына, 139-бабы 9) тармақшасына сәйкес Қамысты ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:

1. Қосымшаға сәйкес, азаматтық қызметшілер болып табылатын және ауылдық жерде жұмыс істейтін денсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет және спорт саласындағы мамандар лауазымдарының тізбесі айқындалсын.

**Ескерту.** 1 – тармақ жаңа редакцияда - Қостанай облысы Қамысты ауданы әкімдігінің 24.07.2020 № 129 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

2. Осы қаулының орындалуын бақылау жетекшілік ететін аудан әкімінің орынбасарына жүктелсін.

3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі және 2016 жылдың 1 ақпанынан бастап туындаған қатынастарға таратылады.

*Аудан әкімі*

*Ж. Бисимбаев*

Әкімдіктің  
2016 жылғы 4 сәуір  
№ 51 қаулысына қосымша

# **Азаматтық қызметшілер болып табылатын және ауылдық жерде жұмыс істейтін денсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет және спорт саласындағы мамандар лауазымдарының тізбесін айқындау туралы**

**Ескерту. Қосымша жаңа редакцияда - Қостанай облысы Қамысты ауданы әкімдігінің 24.07.2020 № 129 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

**1. Денсаулық сақтау саласында:**

1) аудандық аурухананың; аудандық емхананың басшысы;

2) аудандық маңызы бар мемлекеттік мекеменің және мемлекеттік қазыналық кәсіпорын басшысының орынбасары;

3) аудандық маңызы бар мемлекеттік мекеменің және мемлекеттік қазынашылық кәсіпорынның клиникалық (жедел медициналық көмек көрсету бөлімшелерінің, күндізгі стационардың, емхананың) және параклиникалық бөлімшелерінің менгерушілері;

4) аудандық маңызы бар мемлекеттік мекемесі және мемлекеттік қазынашылық кәсіпорын дәріханасының (дәрі-дәрмекпен қамтамасыз ету бөлімінің) менгерушісі;

5) барлық мамандықтағы дәрігерлер;

6) акушер;

7) диеталық мейіргер;

8) мейіргер;

9) қоғамдық денсаулық сақтау маманы (статистик);

10) зертханашы (медициналық);

11) провизор (фармацевт);

12) психолог маман;

13) рентген зертханашысы;

14) әлеуметтік қызметкер;

15) фельдшер;

16) медициналық тіркеуші.

**2. Әлеуметтік қамсыздандыру саласында:**

1) аудандық халықты жұмыспен қамту орталығының басшысы;

2) жұмыспен қамту орталығының (қызметінің) құрылымдық бөлімшесінің маманы;

3) қарттар мен мүгедектерге күтім жасау жөніндегі әлеуметтік қызметкер;

4) психоневрологиялық аурулары бар жасы 18-ден асқан мүгедек балаларға және мүгедектерге күтім жасау жөніндегі әлеуметтік қызметкер;

5) арнаулы әлеуметтік қызметтерге қажеттілікті бағалау және айқындау жөніндегі әлеуметтік қызметкер;

6) әлеуметтік жұмыс жөніндегі консультант, халықты жұмыспен қамту орталығының әлеуметтік жұмыс жөніндегі консультанты;

7) аудандық маңызы бар жұмыспен қамту орталығы секторының басшысы.

3. Білім беру саласында:

1) аудандық маңызы бар мемлекеттік мекеменің және мемлекеттік қазыналық кәсіпорынның басшысы (шағын жинақталған мектептен, мектепке дейінгі ұйымнан, әдістемелік кабинеттен (орталықтан) басқа); аудандық маңызы бар мемлекеттік мекеменің және мемлекеттік қазыналық кәсіпорынның басшысы: шағын жинақталған мектептің, мектепке дейінгі білім беру ұйымының, әдістемелік кабинеттің (орталық);

2) аудандық маңызы бар мемлекеттік мекеменің және мемлекеттік қазыналық кәсіпорын (шағын жинақталған мектептен басқа) басшысының орынбасары; аудандық маңызы бар мемлекеттік мекеменің және мемлекеттік қазыналық кәсіпорынның: шағын жинақталған мектеп басшысының орынбасары;

3) аудандық маңызы бар мемлекеттік мекеменің және мемлекеттік қазыналық кәсіпорынның бөлім басшысы;

4) мектепке дейінгі, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру ұйымдарының барлық мамандықты мұғалімдері;

5) мұғалім-логопед, логопед;

6) бастапқы әскери даярлықты ұйымдастыруши оқытушы;

7) кітапхана басшысы (менгерушісі);

8) кітапханашы;

9) әлеуметтік педагог;

10) мейірбике (мейіргер);

11) емдемдік мейірбике;

12) бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарының педагог-психологі; педагог-психолог (бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарының педагог-психологін қоспағанда); психолог;

13) тәрбиелеуші;

14) тәлімгер;

15) музикалық жетекші (негізгі қызметтердің);

16) әдіскер (негізгі қызметтердің), әдістемелік кабинеттің (орталықтың) әдіскері;

17) қосымша білім беретін педагог;

18) дene тәрбиесі нұсқаушысы (негізгі қызметтердің).

**4. Мәдениет саласында:**

- 1) аудандық маңызы бар мемлекеттік мекеменің және мемлекеттік қазыналық кәсіпорынның басшысы;
- 2) аудандық маңызы бар мемлекеттік мекеменің және мемлекеттік қазыналық кәсіпорын басшысының орынбасары;
- 3) аудандық маңызы бар мемлекеттік мекеменің және мемлекеттік қазыналық кәсіпорынның көркемдік жетекшісі;
- 4) музикалық жетекші;
- 5) аккомпаниатор;
- 6) хореограф;
- 7) барлық атаудағы әдістемеші (негізгі қызметтер);
- 8) қазақ, орыс, ағылшын тілдер мұғалімі;
- 9) кітапханашы;
- 10) библиограф;
- 11) барлық атаудағы суретшілер (негізгі қызметтер);
- 12) мәдени ұйымдастырушы (негізгі қызметтер);
- 13) режиссер; дыбыс режиссері.

**5. Спорт саласында:**

- 1) мемлекеттік мекеменің және мемлекеттік аудандық маңызы бар қазыналық кәсіпорынның басшысы;
- 2) аудандық маңызы бар мемлекеттік мекеменің және мемлекеттік қазыналық коммуналдық кәсіпорын басшысының орынбасары;
- 3) (мамандандарылған) медициналық бике/аға;
- 4) аудандық маңызы бар ага жаттықтырушы;
- 5) жаттықтырушы.